



ҚАУЛЫ

2021 жылғы 19 наурыз

Текелі қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 65

город Текели

Текелі қаласы әкімдігінің 2021 жылдың 17 ақпандағы «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» №26 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 наурыздағы №113 «Облыс әкімдігінің 2021 жылғы 16 ақпандағы «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» №62 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қалысына сәйкес Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Текелі қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» №26 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін :

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген 2021-2025 жылдары бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Текелі қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 24 ақпандағы «Текелі қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» №26 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №36 қаулының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. Болысбайұлына жүктелсін.

Қала әкімі



Б. Молдахметов